



www.mmg.kz

Мұнайлы АДЖЕ



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc

№01(147), қаңтар-ақпан, 2022 жыл

ӨНДІРІСІ ӨРІСТІ, ҚАРА АЛТЫНЫ ҚАРҚЫНДЫ – ҚАЛАМҚАС



«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты қырық жылдан астам тарихы бар «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы бүгінге дейін 167,6 миллион тоннадан астам мұнай өндіріп, ел байлығын еселеп келеді. Біздің өндірістік басқарма бастығы Нұрпейіс Сәрсенбаймен сұхбатымыз тұтас елдің ырысын арттырып тұрған Қаламқастың тыныс-тіршілігі мен алда тұрған келелі міндеттері туралы өрбіді.

- Нұрпейіс Мизамбайұлы! «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бойынша өткен жыл қалай қортындыланды? Жоспар қандай еді? Жоспар үдесінен шығу жолында жүзеге асырылған геологиялық-технологиялық шаралар мен олардың нәтижелеріне тоқталып өтсеңіз...

- «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бойынша 2021 жылы мұнай өндіру жоспары 3 585 967 тонна болған еді. Іс жүзінде 3 587 112 тонна мұнай өндіріліп, 1 145 тонна мұнай жоспардан тыс артығымен орындалды. Мұнай өндірудің осындай деңгейіне жету үшін әртүрлі геологиялық техникалық іс-шаралар жүзеге асырылды. Атап айтар болсам, 81 өндіруші және 8 айдау ұңғымалары бұрғылаудан шықты, 32 ұңғымаға жер астын қысыммен жару әдісі қолданылды, 30 ұңғымаға басқа жерасты қабаттарына көшу жұмыстары жасалса, 13 ұңғыма перпарациялық жарудан өтті.

2021 жылы 110 айдау ұңғымасына фильтрациялық ағындарды қайта бөлу жұмыстары жүргізілді. Бұл технология кен орнының сулану деңгейін ұстап тұруға, мұнайдың орташа тәуліктік өнімін арттыру арқылы мұнай өндіруді ұлғайтуға бағытталған.

Айта кету керек, полимерлік су айдау технологиясы бүгінгі таңда мұнайдың қиын өндірілетін қалдық қорларын алу арқылы мұнай өндіруді арттыруға бағытталған негізгі іс-шара болып табылады. Қаламқас кен орнындағы «Батыс», «Шығыс-2», «Шығыс-2 кеңейту» учаскескелерінде полимерді айдау жұмыстары әлі де қолданылуда. Өткен жылы осы үш учаске бойынша қосымша мұнай өндіру 187 755,7 тоннаны құрап, елеулі нәтиже берді.



- Мұнай өндірудің негізгі қиындығын көтеріп жүрген мұнайшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту бағытында қандай жұмыстар қолға алынды?

- Вахталық әдіспен екі ауысымда еңбек ететін төрт жарым мыңға жуық адамды жайлы орынмен, азық-түлікпен қамту жіті назарда. Өйткені тұрмыстық жағдайдың еңбек ырғағына өз әсерін тигізетіні белгілі. Жайлы орын, жақсы жағдай жоғарғы еңбек өнімділігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осыдан бір жыл бұрын мұнайшылардың арнайы киімдері мен жеке заттарын жууға арналған киім жуатын орын пайдалануға берілді. Сондай-ақ, жұмысшылардың киімдерін жөндеп,

қысқартуға арналған тігін шеберханасы да бар. Жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жұмысшылардың киім ауыстырып, жуынуы үшін де жағдай жасалып, 2020 жылы АСАҚ (УПСВ) учаскесінде арнайы жуынатын бөлме салынды. Қабат қысымын ұстау цехы киім кептіру бөлмесімен жабдықталды. 2020 жылы вахталық кенттегі №31, 35, 39-шы жатақхана ғимараттарына күрделі жөндеу жүргізіліп, №8, 9, 10, 11, 12-ші жатақханаларға ағымдағы жөндеу жүргізілді. Өткен жылы №33, 34-ші жатақханалар да күрделі жөндеуден өтті. Жалпы, вахталық кенттегі жатақханалардың кем дегенде бесеуін жылына күрделі жөндеуден өткізіп отыру жоспарланған.

Жалғасы 2-бетте



ӨНДІРІСІ ӨРІСТІ, ҚАРА АЛТЫНЫ ҚАРҚЫНДЫ – ҚАЛАМҚАС



Соңы. Басы 1-бетте

2021 жылы орын алған оң өзгерістер мұнымен шектелмейді, ҒЗЖӨЦ-ның өндірістік-зертханалық ғимараты мен КМДжӨЦ (ЦКППН) қызметкерлері үшін 75 орындық асхана жаңадан салынып, пайдалануға берілді. Қалашықтағы №3 асхана да толықтай жөндеуден өткізілді.

Кабель өнімдерін ауыстыра отырып, №1 мұнай-газ өндіру цехындағы 69, 62, 65-топтық қондырғылардың жаңа операторлық үй-жайлары қабырғалық таспен салынуда. Қазіргі уақытта қорытынды жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Санитарлық-тұрмыстық жағдайды жақсарту мақсатында өнеркәсіптік гигиена бойынша санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың талаптарына №1 мұнай-газ өндіру цехындағы 48, 55-ші, №2 мұнай-газ өндіру цехындағы 1, 3, 2, 11, 45-ші, №3 мұнай-газ өндіру цехы бойынша 22, 17, 5-ші және №4 мұнай-газ өндіру цехындағы 29, 33-ші топтық қондырғылар сәйкестендірілді.

№3 мұнай-газ өндіру цехына қарасты 26-шы топтық қондырғыға жұмысшылардың өндірістік жұмыстарын жеңілдету мақсатында жүк көтергіш тельфері бар арнаулы ғимарат салынды. Арнаулы ғимараттарды алдағы уақытта №1, 2, 4-ші мұнай-газ өндіру цехтарына қарасты базалық топтық қондырғыларға да салу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, вахталық кент аумағын «Beeline KZ» ұялы байланысымен қамтуды жақсарту мақсатында жаңа 25 метрлік мұнара орнатылып, базалық станция көшірілді. «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ қызметкерлерінен келіп түскен өтініштерге сай вахталық кенттің барлық жатақханаларына екі WI-FI диапазонды кіру нүктелері орнатылды.

- Сіз басқарып отырған мұнайшылар ұжымының Маңғыстау ауданына, өзге де ауылдарға шефтік көмегі болды ма?

- «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ тарапынан Маңғыстау ауданына қарасты ауылдар мен өзге де ауылдарға ауыл әкімдері мен ауыл тұрғындарының өтініш хаттарына сай шефтік көмектер жасалып келеді. Атап айтсақ, ауылдарды қоқыстардан тазарту, мал суару астаулары, фонтандарды аршу, ауданға қарасты Ащыбұлақ, Тұщыбек ауылдарына халық игілігі үшін өтпелі көпірлер орнатылып берілді. Қызан ауылына дала сахнасы орнатылған болса, Маңғыстау ауданының жұртшылығының сұранысына сәйкес, ауыл сыртындағы қауымдарды қоршау бойынша жұмыстар жүргізілді. «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ қарауындағы Сисем Ата қауымының түнемелік үйі ағымды жөндеуден өткізілді.

Елді жайлаған індет тұсында да «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ жұмысшылары атынан, Маңғыстау аудандық ауруханасына 500 мың теңгеге саусақ арқылы қан құрамындағы оттегіні анықтайтын пульсометр аппараттары сатып алынды. Вахтаралық демалыстағы жұмысшылар аудандық ауруханаға ерікті түрде көмектесіп, оттегі баллондарымен 2 - ай бойы қамтамасыз етіп отырды. Аталған кислород баллондарын сатып алу үшін «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ жұмысшылары 1 млн. 500 мың теңге көлемінде қаражат ұйымдастырып берді. Індет тұсында



бақилық болған әріптесіміздің отбасына «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ жұмысшылары атынан 2 млн. теңге қаржылай көмек те көрсетілді.

- Басқарма бойынша қандай табиғатты қорғау іс-шаралары өткізіледі, атап айтқанда тарихи ластанған аумақтарды жою үшін белгілі бір шаралар қолданылады ма?

- Қоршаған ортаны қорғап, экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында кешенді жұмыстар атқарылып келеді. Атап айтқанда, топырақтың ластануымен болатын жарылыстар мен апаттардың алдын алуда жалпы ұзындығы 64,38 км темір мұнай құбырлары мен су құбырларын шыны пластик құбырларға ауыстыру жұмыстары жүргізілді. 2021 жылы Қаламқаста қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын жою жұмыстары жүргізілді. Жинақталған қалдықтарды шығарып, қайта өңдеу жұмыстары аяқталуға таяп қалды. Қаламқас кен орнында құбырлар мен жабдықтарды ауыстыру нәтижесінде пайдалануға 16,8 мың тонна темір қалдықтар қайта пайдалану үшін шикізат ретінде мамандандырылған ұйымдарға өткізілді. Бос пластик бөтелкелер де сарапталып, жиналған 15,72 тонна көлеміндегі қайталама шикізат ретінде мамандандырылған ұйымдарға жіберілді.

- Өндіріске енгізілген жаңа индустриялық-инновациялық жаңалықтарға тоқталып өтсеңіз екен...

- Өндірісті өркендету мақсатында енгізіліп жатырған жаңалықтарды тізбелеп жату мүмкін емес. Өйткені жаңашылдықпен жұмыс жасауды жолға қойған кәсіпорында оң өзгерістер көп-ақ. Солардың бірегейі өткен жылы іске қосылған - «Ақылды кенорын» жүйесі. Бұл жүйе арқылы мамандарымыз өндірістегі ұңғымалардың техникалық өлшемдерін қашықтықтан бақылап, өндіріс ошақтарына талдау жасап отыр. Бұл жүйе өндіріс процесін жылдамдату арқылы жұмысшылардың қызметін оңтайландырып, мұнай өндірісін де ұлғайтып, жемісін бере бастады.

- 2022 жылдың жаңа міндеттері қандай, оны орындау үшін қандай іс-шаралар жүзеге асырылмақ, салынатын, пайдалануға берілетін әлеуметтік нысандар бар ма?

- Алдағы жоспарға келетін болсақ, атқарылар жұмыс көп. Біздің ұжымға міндеттелген биылғы жылдық жоспар - 3 604 925 тонна. Биік межеден көріну үшін мұнайшылар ұйымшылдықпен еңбек етуде. Жылдық жоспарды орындау барысында қолға алынатын іс-шараларымыз да жоқ емес. Ол үшін 61 өндіруші және 9 айдау ұңғымаларын бұрғылаудан шығарып, 40 ұңғымаға жер

- Үздік цехтар, озат мұнайшылар, шын мәнінде жастарға ұстаз бола білген майталман мұнайшыларды айта аласыз ба, жастардың өндіріс сырын игеруі қалай?

- Кенорнында 15 цех бар. Цехтар білікті мамандармен, өз ісінің қас шеберлерімен қамтылған. Әр цехтың өзіне алға қойған жұмыс жоспары мен айлық тапсырмасы бар дегендей... Әрдайым берілген тапсырма жоғарғы деңгейде орындалып келеді. Бөліп-жаратыны жоқ, бәрін де үздік цех санатына жатқызуға болады. Ал, озат мұнайшылар жыл сайын мұнай компаниялары арасында өткізілетін «Үздік маман» жарысында анықталып отырады. Алдымен кенорын ішінде, кейін жеңіп шыққандар кенорындар арасындағы жарысқа қатысып, бақтарын сынап жүр. Үздік танылғандарға компания тарапынан сыйақылар да жоқ емес.

Жастарға ұстаз бола білген майталман мұнайшылар деп ардагерлерімізді, зейнеттегі мұнайшыларды айтар едім. Бүгінгі білікті мамандары, ұзақ жылдар бойы адал еңбек етіп келе жатырған кенорын мақтаншытары да жетерлік. 2012 жылдарға дейін өндіріске оқу бітіріп келген жастарымыз көптеп тартылды. Сол жылдары едәуір жасарып қалдық. Сол



астын қысыммен жару әдісін қолдану қажет. 30 ұңғымаға басқа қабатқа қайтару жұмыстарын, 5 ұңғымаға перпарациялық жару жұмыстарын жүргізу көзделген. 110 айдау ұңғымаларына фильтрациялық ағындарды қайта бөлу қажет.

Ал, биылға қарастырылған күрделі жөндеу жоспары бойынша МГӨЦ-2-ге қарасты 50, 58, 35-ші топтық қондырғылардың операторлық үйін таспен салып, кабель өнімдерін ауыстыру жоспарланған. Сондай-ақ, МГӨЦ-4-ке қарасты 18, 21 топтық қондырғылар мен 15, 16, 17 өлшеу қондырғыларына жаяу жүргінші жолын салу, №3 ауыз су дайындау станциясының операторлық бөлмесіне күрделі жөндеу жасау, Қаламқас кентіндегі төрт жатақханаға күрделі жөндеу жүргізу жұмыстары жоспарланып отыр.

"Қаламқас-мұнайгаз" ӨБ объектілерінің 2022 жылға арналған күрделі құрылыс жоспары бойынша №6 технологиялық сұйықтықты айдау станциясынан бхбм шешінетін бөлмесі бар оператор үйінің құрылысы мен вахталық кенттен 52 төсек-орындық жатақхана, 50 төсектік модульді жатақхана, қалашықтан өндірістік оқыту жүргізу үшін 100 адамға арналған дәріс залы бар ғимарат құрылысын салу мәселесі күн тәртібінде. Жұмыскерлердің тұрмыстық жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында ГӨДЖТЦ, ПЖПЖЦ, МКЖ ӨКҚЦ цехтарына киім ауыстырып, жуынуға арналған бөлмелер салу да жоспарланған.

кезде жұмысқа тартылған жастарымыздың өндіріс сырын игеруі жоғарғы деңгейде болды, қазіргі таңда өз істерінің мамандары.

- Сұхбатымыздың соңында кенорнының шешімін күтетін басты проблемаларын атай аласыз ба?

- Ілеспе газды кәдеге жарату, утилизациялау мәселесі мен бос тұрған жұмыс орындарына адам күшін тарту мәселелерін өзекті етіп қояр едім. Осы уақытқа дейін Қаламқас кенорнының ұзақ жылдар бойы өңіріміздің ырыс-несібесіне айналып, халық игілігіне жарап келгені сөзсіз. Ендігі жерде өндіру қағидамызды тиімді жалғастырып, кенорынның мұнай өндіру қорын арттыру үшін жаңа технологияларды пайдалану арқылы заманауи геологиялық, геофизикалық және гидродинамикалық зерттеулер жасалу керек. Сонымен қатар қазіргі таңда Қаламқас кенорнында қолданылып, тиімділігін көрсеткен полимер айдау технологиясының учаскелерін көбейткен жөн.

Тізе берсе түйткілді мәселе жетерлік, шешімі уақыт еншісінде. Бастысы еңбекқор азаматтар барда ұжымның көздеген межеден көрініп, артылған міндетті абыроймен ақтай беретініне сенулеріңізге әбден болады!

- Әңгімеңізге рахмет!
Сұхбаттасқан,
Лаура Жолдыбаева

Еңбек адамы

МҰНАЙДАҒЫ ЕГІЗ САҢЛАҚ

Тіршіліктің тамыры еңбекте екенін ұққан халқымыз ертеден еңбек адамдарын ерекше бағалайды. Өндіріске екпін берген біздің өңірде де үлгі етер еңбек адамдары жетерлік. Солардың бірі – бір цехта, бір қызметте еңбек етіп, спортта да Компания намысын қолдан бермей жүрген қос бауыр, теңбіл доптың теңдессіздері Наурызбек пен Аманбек Қоңырбаевтар.

Мақала кейіпкерлері - егіздер «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының №1 мұнай және газ өндіру цехында оператор болып еңбек етеді. Олардың туылу уақытының айырмасы жарты сағат. Кей кездері әріптестері екеуін бір-бірінен айыра алмай қалатын сәттер болады.

Ағайынды Қоңырбаевтар 1973 жылдың 16 наурызында, Красноводск қаласында дүниеге келді. 1977 жылы Маңғыстауға оралған отбасы, Жетібай кентіне қоныстанды. Көп ұзамай отағасы теміржол саласына жұмысқа орналасып, балаларын мұнайшылар кентіндегі орта мектепке береді. Бір ұлдан соң дүниеге келген қос қуаныштарына әке ілтипаты ерекше болды. Жан-дүниесі спортқа жақын ол, балаларын жастайынан футболға баулиды.

- Спортқа келуімізге әкеміз себепші болды. Кішкентай кезімізден тентектігімізді басу үшін күшімізді балаларға емес, доп

теуіп алаңда шығарыңдар деп, 10 жасымыздан бастап спортқа әкелді», - деп есіне алды Аманбек аға.

Қос футболшы жасөспірімдер мен жастар арасында бақ сынаған барлық дүбірлі додада топ жарып өсті. Бүгінде ересектер арасында да үмітті ақтап жүр.

«Наурызбек пен Аманбек Қоңырбаевтардың марқұм әкелері Тезекбай ағай футбол жанкүйері болған кісі. Үлкен ұлы Амангелді де футболшы болған, қазіргі таңда Астраханьда футболдан жаттықтырушы. Егіздер бала кезден ауылдағы құрама командада айшықты ойын көрсетіп өсті. Ауданның атынан Халықаралық жарыстарға да қатысты. Ұжымға келгелі бері өзіндік қолтаңбалары бар компаниямыздың беделді ойыншылары. Тіпті көрермендер олардың ойынын тамашалауға келетіндей», - дейді кенорындағы спорт нұсқаушы Ықылас Жарылғасов.



1991 жылы Украина жерінде екі жылдық борыштарын бірге өтеп келген егіздердің еңбек жолдары да бір салада өрбіді. Тіптен, бір күнде отау көтерген олар өрт сөндіруші болып та, теміржолшы болып та бірге еңбек етті. Осыдан жиырма жыл бұрын «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның қауіпсіздік қызметіне күзетші болып қабылданған жастар сол сәттен бастап өз өмірлерін мұнай-газ өнеркәсібімен байланыстыруға белді бекем буады. Аға күзетші, жүргізушілік қызметтерді атқарған Қоңырбаевтар ұжымда еңбекқорлықтарымен елене бастайды. Жұмыстан шыққан бойда спортзалға жүгіріп, футбол ойнаған оларды салиқалы әріптестері кейбіреулер құсап арзан кафелерге немесе қуыс-қуысты паналап, «шаршағанды басамыз» дегенді сылтауратып ащы суға әуестенгендер қатарында болмағаны үшін де қатты сыйлайтын. Ерінбеген еңбектің алғашқы нәтижелері де спорт жағынан көріне бастайды. Мұнайшылар арасында өткен футбол жарыстарынан бірнеше дүркін жеңімпаз болып, кәсіпорынның даңқын көтереді. 2018 жылы «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ, №1 мұнай-газ өндіру цехына 3-дәрежелі оператор болып ауысқан олар бүгінде ең күрделі деген операторлық

операцияларды еркін меңгерген, цехтағы беделді мамандар.

- 2018 жылы қауіпсіздік қызметінен цехымызға ауысып келген Наурызбек пен Аманбек Қоңырбаевтар өте қарапайым, еңбекқор азаматтар. Мұнайшыларға артылған жүктің ауырлығына қарамай, қызметтеріне етене аралысып кетті. Өз міндеттерін адал атқарып қана қоймай, цехымыздың абыройын асқақтатып жүрген спортшылар, - деді №1 мұнай-газ өндіру цехының бастығы Ержан Ишанов.

Ағайынды Қоңырбаевтар өмірде ұяң, бірақ ішкі қуаты берік азаматтардан. Екеуі де бес бала тәрбиелеп отырған ардақты әкелер, немерелерінің сүйікті аталары. «Біздің ұжым ұйымшыл, жұмыс қызу қарқынды, еңбекақы уақытылы. Еңбек етуден тайсалмаймыз, ең бастысы төзім. Спортта да бір футболмен шектелмей, волейбол, стол теннисіне де уақыт тауып жүрген жайымыз бар», дейді мұнайшы ағалар. Осыған қарап «жігітке жеті өнер де аз» деген мақалды еске аламыз. Адам толық қалыптасуы үшін де бір өнерден екіншісіне ұмтыла беруі керек қой. Біз олардың биік армандары мен мақсаттарының орындала беруін тіледік.

Лаура Жолдыбаева



Подразделения сообщают

ТЕОРИЯ ПОДКРЕПЛЕНА ПРАКТИКОЙ

Подводя итоги 2021 года, Группа гражданской обороны и чрезвычайных ситуаций ДТБОиООС отмечает, что практически все поставленные цели были достигнуты.



В частности за отчетный период группой ГОиЧС было проведено 24 учебно-тренировочных занятия (УТЗ): в том числе сейсмтренировки на месторождениях Каламкас и Жетыбай, командно-штабные тренировки по переводу гражданской защиты с мирного на военное время, учения при угрозе наводнения и т.д.

Если остановиться более подробно, то в ходе командно-штабных учений «Действия спасателей во время морозной метели», отработывались навыки спасения и оказания первой помощи водителю транспортного средства, застрявшего в сугробе. Все работники, принимавшие участие в учениях, показали готовность и слаженность действий.

В рамках РКШУ «Қыс-2021» на месторождении Каламкас отработывались взаимодействие различных служб, при прорыве дамбы и как следствие затоплении нефтегазодобывающих скважин. В ходе учений все службы отработали слаженно, с помощью спецтехники течь в дамбе была остановлена, а вода откачана с территории.

Также, были проведены «Тактико-специальные учения по организации эвакуационных мероприятий из административного здания АО «Мангистаумұнайгаз». Во время данных учений отработывались



навыки эвакуации из здания работников центрального аппарата.

Важно отметить, что помимо практических учений, большое внимание уделялось и теоретическим занятиям. Специалистами ГОиЧС во всех цехах и участках были созданы учебные группы, руководители которых проходили ежемесячное обучение, по линии гражданской обороны проведены семинары, в которых принимали участие 440 работников Общества.

Кроме того, согласно плану работы, специалистами ГОиЧС в 2021 году в производственных управлениях «Каламкасмунайгаз» и «Жетыбаймунайгаз», а также подрядных организациях проведены 54 проверки по линии гражданской обороны, а также было обследовано состояние звуковой и речевой сигнализации на объектах.

В заключение призываем Вас, уважаемые коллеги, серьезно относиться к мероприятиям, проводимым по линии Гражданской обороны. Выполнение мероприятий – это ключ к готовности к чрезвычайным ситуациям, в ходе которых каждый может приобрести навыки грамотных действий при чрезвычайных ситуациях, в том числе при авариях, пожарах и т.п. Немаловажные знания Вы можете получить, изучив материалы в папках «плакаты», «методические рекомендации», «оказание первой помощи» в разделе «Лекции по гражданской защите» раздела ГОиЧС в справочниках АО «Мангистаумұнайгаз», сайты групп SmartDok.

Группа Гражданской обороны и чрезвычайных ситуаций ДТБОиООС

Люди труда



Сергей Примаченко – потомственный нефтяник, его папа всю жизнь проработал на Каражанбасмунае, мама – в Мұнайтелекоме. Свою молодость, силы и знания они отдали развитию нефтяной отрасли. Поэтому еще в детстве Сергей знал, что продолжит дело родителей. После службы в армии, и окончания Каспийского государственного университета Примаченко приступил к работе оператором по добыче нефти и газа 3-го разряда цеха №2 производственного управления «Жетыбаймунайгаз». И вот уже 15 лет он остается верным своей профессии и своему цеху.

– С самого первого дня моей трудовой карьеры я работаю на групповой установке № 28 ЦДНГ-2 месторождения Жетыбай, – рассказывает Сергей. – Конечно, за 15 лет условия работы сильно изменились. Раньше труд был более механизированным, сейчас все

что повышается давление в скважине, ремень обрывается или сальник потек, поэтому надо быть готовым к любым ситуациям и уметь устранять проблемы с помощью рук и головы.

Операторы групповой установки № 28, где работает Сергей, обслуживают 36 действующих скважин. На групповой установке жидкость компримируется, отделяется от механических примесей, а затем нефть через центральный коллектор перекачивается в ЦППН, а голубое топливо по газопроводу поступает на КазГПЗ.

– Большую роль в работе играет коллектив, – отмечает Сергей Примаченко. – Меня окружают замечательные люди, настоящие товарищи и соратники, с которыми мы вместе сообща выполняем одну работу, вместе делим обеденный стол. Мы всегда готовы помочь друг другу в трудной ситуации, поддержать и

ОПЕРАТОР – ДУША И СЕРДЦЕ КОМПАНИИ

Месторождение Жетыбай называют колыбелью Мангистауской нефти. За шесть десятилетий на местных промыслах получило профессиональную закалку не одно поколение нефтяников, многие из которых стали крупными специалистами и руководителями, помогли осваивать другие регионы страны. Сегодня трудовую эстафету у старшего поколения подхватили молодые нефтяники. И одним из тех, кто вносит достойный вклад в общее дело развития и процветания компании является оператор 5-го разряда ЦДНГ-2 ПУ «Жетыбаймунайгаз» Сергей Примаченко.

автоматизировано, но это не снимает ответственности с операторов: ведь каждый из нас отвечает, в том числе за бесперебойный технологический процесс добычи нефти. Ведь бывает,



подставить дружеское плечо. Поэтому от работы я получаю удовольствие. Ведь это счастье когда утром хочется идти на работу, а вечером – домой.

А дома Сергея ждут жена Елена трое детей. Дети еще слишком малы, чтобы думать о выборе будущей профессии. Но Сергей говорит, что если они последуют

примеру отца он не будет против. Ведь когда-то и он сам пошел по стопам своих родителей. Если все так и произойдет, то возможно, в будущем на нефтяной карте Мангистау появится еще одна настоящая семейная династия – династия нефтяников Примаченко!

ПОВЕЛИТЕЛЬ СТАНКОВ

Олег Сизов – фрезеровщик 5-го разряда прокатно-ремонтного цеха эксплуатационного оборудования ПУ «Каламкасмунайгаз». В его руках работа спорится, сказывается большой опыт и неутомимая тяга к новым знаниям. Хотя со стороны может показаться, ну что такого сложного, чтобы выточить деталь?! На самом деле работа фрезеровщика требует математической точности, он как искусный ювелир, который должен довести изделие до высшего стандарта. Настоящий мастер!

К работе в АО «Мангистау-мунайгаз» Олег приступил уже имея опыт работы на станках, – начиная с 1994 года он в течение пяти лет токаричал на заводе пластических масс в городе Актау. А затем в 1999 году начинается новая веха в жизни Сизова – сначала на ЦПБО, а затем и на Каламкасе, и вот уже больше 22 лет он «колдует» в производственных цехах Общества, выполняя работы по капитальному ремонту насосов для добычи нефти.

– Когда я начал работу в системе «Мангистау-мунайгаз» вакансии токаря не было, пришлось работать фрезеровщиком, – вспоминает Олег Сизов. – Но я ни о чем не жалею, ведь создание нужной детали из простой заготовки – это больше похоже на искусство. С одной стороны – эта работа творческая, с другой – фрезеровщик – это специалист, деятельность которого невозможна без знания таких дисциплин, как геометрия,

черчение, материаловедение. Как бы то ни было, работу я свою очень люблю и горжусь ею, особенно когда тебя окружают замечательные люди. Коллектив у нас очень дружный и сплоченный, мы всегда поддерживаем друг друга, и руководство цеха также всегда готово подсказать и помочь нам.

Орудием труда фрезеровщика, является фрезерный станок, где при помощи специального инструмента – фрезы – с заготовки снимается нужный слой материала, для получения необходимого размера и формы детали. Материалом может служить как чёрный или цветной металл, так и различные неметаллы. У хорошего фрезеровщика или токаря должны быть быстрая реакция, замечательное зрение и высокая выносливость.

Быстрая реакция и замечательное зрение помогли Олегу и в другом важном занятии: вот уже шесть лет он профессионально

увлекается настольным теннисом.

– После трудового дня я не упускаю возможности потренироваться, благо все условия для спортивных занятий на Каламкасе созданы, – рассказывает Олег. – Настольный теннис помогает поддерживать себя в отличной физической форме и никогда не утрачивать тонуса. Это скорее любимое хобби, нет обязательной задачи – добыть победу любой ценой, хотя спортивный азарт тоже присутствует, я неоднократно занимал призовые места на турнирах, проводимых в Обществе. А в 2018 году на профессиональных республиканских соревнованиях я вошел топ-10 лучших теннисистов!

В этом году Олег Сизов отмечает знаменательный юбилей – серебряную свадьбу! Ровно 25 лет назад, после службы в армии, он впервые повстречал ее – ту самую единственную, которая пленила сердце Олега



раз и навсегда. И вот уже четверть века Сизовы неразлучная пара, вместе они воспитывают двоих детей, старшая уже окончила ВУЗ и вышла замуж, младшая дочь – учится в школе.

– Самое главное дать достойное воспитание детям, не важно, какую профессию они выберут, – говорит Олег Сизов.

– Важно привить детям уважение к старшим, любовь к труду и к окружающим людям, чтобы с малых лет ценили работу любого специалиста. Потому что, несмотря на цифровизацию и автоматизацию производственных процессов, хорошие специалисты всегда будут нужны, а человек труда всегда будет в почете!

4-ші АУЫЛДАН ШЫҚҚАН АЛҒАШҚЫ МҰНАЙБАРЛАУШЫ

Назар Сейтімбетов жайлы мөлтек сыр



Сонау 30-шы жылдардың басында, мүмкін одан да ертеде болуы мүмкін, елді мекендерді номерлеу жүргізілген. Содан біздің Қараманды (Сайын Шапағатов), Ақшұқыр, Қолтық (Ақтау) елді мекендеріне 4 саны бұйырып, Сығынды кеңесіне қарасты 4-ші ауыл болып аталған. Осыны есіне сақтаған бірен-саран үлкендеріміз болмаса, кәзір бұның бәрі ұмытылды. Дегенмен, жігіт ағасы жасынан асып, қарттықты мойындай бастаған жерлестер кездескенде ойын-шыны аралас «біздер 4-ші ауылданбыз» дегенді айтып та қалады.

орындарда және басқа да алаңдардағы мұнара құралдау жұмыстарына қатысты. Ол кезде жұмыс жасатушылар М.Садықов, Т.Нуриддин, С.Ықсановтың мұнара құрастырушылары республикалық және Одақтық сала қызметкерлері жарысында озып шығып, министрлік пен геологтар кәсіподағы орталық комитетінің ауыспалы Қызыл Туларын жеңіп алып жүрген жылдары еді. Аталған бригадалардың тоқтаусыз жұмысын қамтамасыз етуде

Маңғыстауда алғашқы мұнай бұрқағының атқылағанына өткен жылы 60 жыл толды. Елді жайлаған індет салдарынан оны өз деңгейінде мерекелеу мүмкін болмады. Десек те, мұнай бұрқағын аттырып, оны басу жұмыстарына қатысқан мұнайшыларымыз туралы естеліктер жазудың ерте-кеші жоқ деп ойлаймын... Сол атышулы мұнай бұрқағымен 3-4 күн арпалысып, ауыздық-тағандардың бірі – Жетібай барлау алаңының аға механигі Назар Сейтімбетов ағамыз. Терең бұрғылау қондырғысы кәдімгі зауыт секілді механизмдер мен құрал жабдықтардан тұратын станоктар жиынтығы. Жоғарыдағы үш станок пен төмендегі екі станоктың әрқайсысының артында 100 киловаттық электр тоғын беретін генераторы бар тағы екі дизельді қосыңыз. Көтеру лебедкасы, оның артында орасан ауыр шкивтер орнатылған жылдамдықтар қоробасы, екі алып насостар мен үш тонналық мұнара көтеру краны, саз балшық ертіндісін дайындап, тазалайтын тор сеткалар жиынтығымен жалпы қуаты 2500 ат күшіндей болады екен. Қондырғы механизмдерінің кідіріссіз жұмыс жасауын қамтамасыз ететін барлау алаңының аға механигі Нәкең басқаратын қызметкерлер істен шығып, тозығы жеткендерін ауыстырып, уақытында техникалық күтім көрсетеді.

Еңбек жолын 1954 жылы сонау Сахалин аралында терең бұрғылаудан бастаған ол осы салада үздіксіз жұмыс жасады. Нәкеңнің өмір тәжірибесі де, зор ұйымдастырушылық шеберлігі де жеткілікті болғандықтан, Жетібайдағы бұрқақты ауыздықтауда техникалық жұмыстарға қатысып, күн-түн демей сол жұмыстардың ішінде жүрді. 1931 жылы Қараманды, кәзіргі Сайын Шапағатов аулында, балықшы отбасында дүниеге келген ол ауылдың жеті жылдық мектебінде оқыды. Ол кезде балалар ерте ержетеді ғой, мектептен кейін ата-анасына көмектесіп, аз уақыт колхоздың ешкі отарын бағысты. 1951 жылы әскер қатарына шақырылып Қиыр Шығыстың Сахалин аралына аттанды. 1954 жылы әскер қатарынан босағасын елге келуді кейінге қалдырып, сондағы «Сахалиннефтегазразведка» экспедициясына дизелист-моторист болып жұмысқа орналасады. Жұмысты зор ынтымақпен істейтін жас жігіт қысқа уақытта «машинист» мамандығын игеріп, мекеме озаттары қатарынан көрінді. Кейін, әкесі қарынға түскен обыр ісігімен ауырғасын, тумаластарының шақыртуымен Нәкең Сахалиндегі жұмысын тастап, 1957 жылдың жазында елге оралды. Сол жылы ол Форт Шевченкода көлік жүргізушісі курсы бітіріп, МНГР тресінің Таушықтағы терең бұрғылау конторына - Имағанбет алаңындағы С.Рысқалиев бригадасына терең бұрғылау қондырғысының машинисі болып жұмысқа орналасты. Имағанбет алаңында жобалық тереңдігі 2800 метр болатын үш ұңғы қазылуға тиіс еді, бірақ пермотриас қабаты жер бетіне жақын жатқандықтан қалыңдығы 200 метрдей юра қабатынан мұнай-газ белгілері байқалмай, 1400 метр тереңдікте одан әрі қазу тоқтатылды. Ол кездегі моторшы көмекшілері мұнайшылармен келген қыз-келіншектер болатын. Олар курстық оқудан өтпеген, техника тетіктерін шамалы игергендер тобынан еді. Сондықтан да қондырғы машинисі күндізгі жұмысынан бөлек кез келген уақытта қондырғы басына механизмдерден техникалық ақау шықса, баруға дайын отыратын. Уақытпен санаспай, талай рет

жұмыста түнейтін кездер де болған. 1959 жылы Имағанбеттегі бұрғылау жұмыстары тоқтатылып, құрамында қондырғы машинисі Нәкең бар С.Рысқалиев бригадасы Жетібай барлау алаңына келді. Бригада қазан айының 10 жұлдызында құралданып болған, жобалық тереңдігі 3200 метр, Г-2 ұңғысын қазуды бастап кетті. Машинист Нәкең бастаған моторшы, жөндеу қызметкерлері істен шыққан дизелдердің жөндеуге келетінін қондырғы басында, ал келмейтіндерін ауыстырып, оларды жөндеу зауыттарына жіберіп отырды. Осылайша, қондырғы механизмдерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етті. Ұңғыны қазу үшін көп мөлшерде техникалық су қажет. Ол үшін қондырғыны қисайтып, су ұңғысын қазуға тура келді. 750 метр тереңдіктен ашы (техникалық) су алынып, бұрғылау қондырғысының суға қажеттілігі толықтай өтелді. 1960 жылдың ақпанында бұрғы 1715 метр тереңдікке жетті. Алынған керн борпылдақтау болып, иіскегенде одан мұнай мен газ исі байқала бастайды. Хабар жеткен бойда ұңғы басына келген геолог мамандар кернді Атырау, Ленинград, Мәскеудегі зертханаларға жіберді. Бәрі де керн құрамында мұнай мен газ белгісі бар екенін қуаттады. Бұрғылау құбыры 2007 метрге жеткенде ұсталынып қалып, оны шығару мүмкін болмады. Сондықтан да қозғамай, цементтеп тастауға, ал оның жоғарғы жақтарында орналасқан қабаттарға сынақ жұмыстарын жүргізуге шешім қабылданды. 1960 жылдың қазанында ұңғының 1905-1909 метр қабаттарын аттырғанда 7,5 сағат ішінде су аралас 1,5 метр куб. мұнай алынды. Жер қыртыстары арасындағы изоляциялық бір-біріне араластырмау жұмыстары сапасыз жүргізілгендіктен, нақты нәтиженің бұдан да жоғары болатындығын мамандар сол бойда түсінді. Ертесіне ұңғы басына келген Батыс Қазақстан геологиялық басқармасының бас геологы Н.Имашев, МНГР бас геологы В.Токарев, геологтар В.Козмодемьянский, В.Тевяшовтар шелекте мұздап тұрған, еңкейтсе де төгілмеген мұнайды көріп қатты таңданыпты. Шырлы беріп қарағанда жақсы жанған, жылдам сұйыққа айналған.

Атыраудағы «Казахстаннефть» бірлестігінің орталық лабораториясында В.И.Кабанкина басшылығымен жасалған зерттеулерде мұнайдың тығыздығы 0,846 г/см куб. болған. Ашық фракциясының шығуы 300 градусқа дейін қататын, парафині 22-24%, қойылуы мен қатаю температурасы +30 екендігі расталады. Осылай, Нәкең жұмыс жасайтын С.Рысқалиев бригадасы қазған ұңғыдан алынған мөлдіреттер негізінде Жетібайда мұнайдың бар екені, болашақта Маңғыстаудың мұнайлы өлкеге айналатындығы сала геологтарына белгілі болды. Министрлік, бірлестік, басқарма және трест мамандары келесі ұңғыдағы бұрғылау нәтижелерін асыға күткен еді. Ал, 1961 жылдың 5 шілдесінде №6 ұңғыдан мұнай бұрқағы атылғанда, «оны басушылардың» қатарында, ыссы майға шомылып, бір жылдан бері барлау алаңының аға механигі жұмысына ауысқан, жасы 30-ға жаңа толған Нәкең де болған еді. Осы мұнай бұрқағын ауыздықтауға қатысу оған таптырмайтын өмір мектебі болды. Оның зор ұйымдастырушылық қабілетін, бай тәжірибесін ескерген басшылар 1960 жылы оны қондырғы машинисінен барлау алаңының аға механик қызметіне ауыстырды. Жерден атылып, жоғарыдан тамып тұрған ыссы мұнай жаңбыры астында



гайка, болтпен бекітіліп, ауыр қысымға шыдайтын фланецтерді бұрау жұмыстары тек Нәкең сыяқты механиктер қолынан келетін шаруа екендігі айтпаса да түсінікті деп ойлаймын.

1962 жылы Нәкең Жетібай алаңында құрылған мұнай барлау экспедициясының қарауындағы дербес мұнара құрастыру цехына аға механик болып жіберілді. Осы мұнара құралдау жұмыстарында ол үзбестен 15 жылдай жұмыс жасады. Аға механик, бас механик, прораб, бастық орынбасары қызметтерінде болды. Биіктігі 53 метр болатын қондырғы мұнарасын құрастыру, жолда кездескен жоғарғы кернеулі электр линияларынан өту, таулы-тасты, ойлы-шұқырлы жерлер арқылы диттеген жерге уақытында жеткізу жұмыстары прорабтан зор шеберлікті талап етеді. Бастық орынбасары ретінде алыс барлау алаңдарында құралданып жатқан бұрғылау қондырғысына керекті материалдар мен құрал жабдықтарды іздеп табу, оны машинамен жеткізу, ОРС мекемесі арқылы тамақтарды уақытында жөнелту, Құрық басындағы жатақханада жатқандардың жағдайын үнемі біліп отыру сынды мәселелерді шешіп отырды. Жалпы Нәкең, кеңседе сирек болатын. Негізгі уақытының басым бөлігін далада, өндіріс басында өткізетіндер қатарынан еді. Адамдармен сөйлескенде олармен ортақ тіл табуға бейім тұратын.

Мұнараларды құралдаушыларға қажетті жүк автокөлікпен жеткізілетін. Сондықтан да Нәкең Үстірттегі мал ауылдарымен тығыз байланыста болды. Жолда сынып, машинасы балшыққа батқан, адасқан шоферларды іздеумен қатар ол ауылдарға үнемі өз көмегін көрсетіп отырды. Ауырғандарын жақын жердегі ауруханаларға жеткізу, азық-түліктерін апару, оларды жайылымдарға көшіруге техникамен көмектесу деген сыяқты. Нәкең мұнара құралдаушыларымен бірге Маңғыстаудың барлық жерлерін түгелдей аралады деуге болады, Жетібай, Өзен маңындағы алаңдарды айтпағанның өзінде Оңтүстік Үстірттегі Дашкала, Гасан, Тасойық, Бірінжік, Ақсексеуіл, Самтыр, Өтежан, Қожантай, Қансу, Солтүстік Үстірттегі Қарақұдық, Арыстанов, Ердаль, Бегеш, Өлі Қолтықта Николаев, Терешкова, Комсомол, Шағырлы-Шөмішті, Мыңсуалмастағы барлау алаңдарындағы іздестіру және Бозащы түбегінде ашылған Қаражамбас, Қаламқас кен

мекеме басшысының орынбасары да барын салып, керек заттармен қамтамасыз етіп, аянбай қызмет етуі керек. Нәкең үнемі өндірістің төменгі буынында қызмет жасағандықтан, талай рет кент басындағы, барлау алаңдарындағы сайлау науқандарына да белсене қатысты. Учаскелік сайлау комиссияларын басқарды, мүшесі де болды. Жетібайда бір рет, Құрықта екі рет кенттік кеңеске депутат болып сайланды. 1973 жылы өндірісте жүріп, Саратовтағы «Бүкілодақтық мұнай техникумын» «техник-механик» мамандығы бойынша сырттай бітіріп алды. Зор ұйымдастырушылық қабілетін ескеріп, кешенді экспедиция басшылары Нәкеңді Құрықтағы материалды-техникалық жабдықтау базасына бастық етіп тағайындады. Осы қызметте жүргенде, 1989 жылы тосыннан көтерілген қан қысымынан қайтыс болды.

Назар Сейтімбетовтың геологиялық барлау және мұнай іздеу саласындағы ұзақ жылдар бойғы жемісті еңбегі жоғары бағаланып, «Құрмет белгісі» ордені, «Ерен еңбегі үшін», «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл», «Еңбек Ардагері», «Жер қойнауы барлауының үздігі» төсбелгілерімен, Құрмет, Мақтау грамоталарымен марапатталды.

Біздің 4-ші ауылдан шыққан Нәкең ағамыздың соңынан 1959 жылдарда мұнай өндірісіне Бакуден институт бітіріп келген Бүркітбаев Әнес ағамыз, Атыраудан техникум бітірген Құлжанов Табылған, кейінгі жылдарда С.Қырымқұлов, С.Нұрлыбекұлы, С.Қызылұлы, Б.Кезбаев, Б.Жалғасов, С.Мәдиярұлов ерді. Ал, ел ағаларынан Е.Нұрбердиев, Ш.Таңғұлов, Б.Бекенжанов, А.Майлыбаевтар және т.б. еңбек етті.

4-ші ауылдан мұнай барлау саласына 1954 жылы бірінші болып барып, жалындап қызмет жасаған, 1961 жылғы Жетібайдағы мұнай бұрқағын басуда ерекше еңбегімен көзге түскен Назар Сейтімбетов ағамыз осылайша 58 жасында өмірден өтті. Арамызда тірі жүргенде 90 жасқа былтыр ғана шығатын ол кісінің есімін есте сақтау үшін ұзақ жылдар бойы қызмет жасаған Жетібай, Құрық кенттерінде, өзінің кіндік қаны тамған Сайын Шапағатов ауылынан көше атын беру де игілікті істердің қатарынан орын алар еді.

Сатыбалды Нұрлыбекұлы
Геологиялық барлау және мұнай іздестіру саласының ардагері, зейнеткер.

Оқу - білім

КІТАП ОҚУ МӘДЕНИЕТІМІЗДІ КӨТЕРЕЙІК

Адам өмірінде ең асыл дүние болып саналатын киелі де қымбат зат бар. Ол бәрімізге ақылшы, білім нәрін құюшы – кітап. Сен ерінбесең, ол саған ақыл айтудан жалықпайтын ұстаз. Ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті, қаусаған қарттың өмір есігін жаңа ашқан жасқа өлер алдында айтқан ақылы» – деген екен жазушы А.И.Герцен. Кітаптан мәдениеттілікті, мейірімділікті, парасаттылықты үйреніп, ақиқатты танимыз. Кітап – біздің ортақ игілігіміз, мәдени мұрамыз, тарихымыз, халқымыздың баға жетпес байлығы.

Қазіргі күні кейбір адамдар кітаптың керегі жоқ деп әр түрлі болжамдар айтуда, көз алдымызда өтіп жатырған өмір ағымы да осыны айғақтағандай. Кейде кітап түгілі күнделікті газет-журналды парақтайтын уақыт тығыздығы да жасырын емес. Басқа да жақын шетелдер сияқты Қазақстанда да кітап оқу азайып кетті. Кітап оқырмандарының пайыздық мөлшері 1950-1970 жылдармен салыстырғанда өте төменгі дәрежеде. Негізгі себебі – қазіргі заманауи технологияда. Ғылым мен техникалық жетістіктің қарыштап, шапшаңдықпен дамуы кітапты ұмыттыратындай жағдайға жеткізуде. Теледидар мен интернеттен әр саладағы ғылыми-танымдық (тарих, ғарыш кеңістігі, география, зоология, физика және т.б.) көрсетілімдер, бейнетаспалар таратылып жатыр. Электрондық форматтағы әр түрлі кітаптарды (детективтер, фантастика, ұлттық және шетелдік әдебиеттер, өлеңдер және поэзиялар, балалар әдебиеті және тағы басқа) тауып алып, смартфон немесе соңғы үлгідегі теледидар арқылы оқып, көруге болады.

Десек те, соңғы кездері күйбең тірлікпен босағанда кітап сөрелерінің жанынан табылатын бұрынғы оқырмандар кітапханаға қайтадан оралуда. Олардың қатарында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның кітап сүйер мұнайшылары да бар. Қоғамымыздың Ақтау қаласындағы бас

офисінде, Қаламқас және Жетібай кенорында кітапханалар жұмыс жасайды, оларда 10000-нан астам әр түрлі, яғни көркем-әдеби, қоғамдық-саяси, ғылыми-техникалық мазмұндағы кітаптар бар.

Жалпы Батыс Европа елдері және соңғы кезде Ресей жоғарыда айтылған

деген қорытындыға келіп отыр. Ғалымдар кітапты көп оқытын бір топ адамның миын магнитті-серпінді бақылаудан өткізген. Соның нәтижесінде әлдеқандай иіс, ландшафт немесе дәм туралы оқығанда адам миының қабылдауға жауапты бөліктерінің белсенді әрекет ететіні анықталды. Мұндай эффект теледидар



уақытша құбылыстарды бастарынан өткерген. Кітап оқу мәдениеті өте жоғары. Баспаханалары кітап шығаруда, әсіресе классикалық жанрдағы әдебиеттерді қайта өңдеп, жаңалап шығаруда алдарына жан салмайды. Олар электрондық кітаптардан гөрі қолмен ұстап, беттерін парақтап, кітаптың бар мағынасына, яғни образына өзі кіріп араласып жүргендей әсерде оқылған кітаптың рухани ләззаты басқаша әсер қалдыратындығын түсінген. Кітапты құрандай қадір тұтады.

Себебі, Оксфорд университетінің ғалымдары кітап оқу ақыл-ойды ғана емес, жан мен тәннің саулығын да арттырады

қарағанда немесе компьютерлік ойын ойнағанда байқалмайтын көрінеді. Медицина ілімінде үлкен мидың жұмысы бүкіл дене организмдеріне тікелей әсер ететіндігі дәлелденген. Үздіксіз қозғалыстағы клетка жасарып отырады.

Кітап оқу – адамның жүйке жүйесінің қызметін жақсартады. Ғалымдар кітап оқу, сурет салу, музыка, жазушылық секілді ақыл-ой еңбегімен шұғылданатын адамдардың жүйке жүйесінің басқа адамдардан әлдеқайда мықты болатындығын және қартайған кезде де жүйке жүйенің шаршауы, әлсіреуі және үлкен мидың қартаюы болмайтынын дәлелдеді.



Жапония медицинасы «Кітап оқу – ұзақ өмір сүрудің кепілі» деген қорытынды шығарып отыр. Олардың айтуынша, ең ұзақ өмір сүретіндер – философтар, одан кейінгісі ғалымдар мен көркемөнершілер екен.

Кітап оқу – үлкен миды үздіксіз қозғалысқа салады, кітап оқып болған соң да оның адамға сыйлайтын әсері дене шынықтырудан кейінгі массаж секілді адамды рухани қалыпқа түсіріп отырады. Барлық дене мүшесіне әсер ететін үлкен миды жаттықтырудың ең тамаша тәсілі – кітап оқу. Кітап оқуға жұмсалған 6 минут уақыттың ішінде адамның күйзеліс деңгейі төрттен екіге төмендейді екен.

Өлке тұрғындарының, мұнайшы оқырмандарымыздың кітап оқу үрдісіне қайтып оралатындығына, уақытша құбылыстың жойылып, кітап оқырмандарының саны жыл сайын көбейген үстіне көбейе түсетіндігіне, баспаханаларымыздың толыққанды жұмыс жасайтындығына сеніміміз мол.

Кітап оқуды насихаттау жөніндегі үлкен материалдар 2014 жылы Алматыдағы «Нұрлы Әлем» баспаханасынан шыққан «Фибраты мол ғұмыр» атты авторлық кітабымыз жарық көрді. Бұл кітап – Ұлы Отан соғысының ардагері, «Қызыл Жұлдыз» және I дәрежелі «Отан соғысы» ордендерінің иегері, кітап жанашыры, Қызылөзен селосының алғашқы кітапханашысы, 1950-1960 жылдардағы Маңғыстау өлкесінің ең үздік кітапхана қызметкері – әкем Дихан Көбәлинге арналған еді.

Ерте ме, кеш пе – әлем әдебиетке қайта оралады деп сенеміз. Компьютер, теледидар және төрткіл дүниемен түгел байланыстырған телефон ғасырында кітап бұрынғыша әрқайсымыздың сенімді серігіміз болып қала береді.

Сағи ДИХАНОВ,
Көлік департаментінің автопарк
бастығының орынбасары

Ерекше жан

ӘЖЕ ӘЛПЕШІ – ТӘРБИЕ КЕНІШІ

«Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді» деп ата-бабаларымыз босқа айтпаса керек. Қазіргі таңда әріптестеріміздің арасында жұмыстан тыс уақытында қосымша кәсіппен айналысып, тіпті оның жемісін көріп жүрген жандар қаншама. Бүгін солардың бірі «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының әлеуметтік мәселелері жөніндегі жетекші маманы Айгүл Аманджанова жайлы сыр шертеміз.

Әріптесіміз Айгүл Төлебайқызы атасы мен әжесінің тәрбиесінде болған ерке қыз. Үлкендердің ғибратты әңгімелері мен өнегесі әсер еткен болса керек, Айгүл шығармашылыққа құштар, алғыр болып өсті. Бала күнінен қолөнерге бір табан жақын болды. Оған себеп – Айгүлді бауырына басып, әлпештеген әжесінің ісмерлігі.

- Ауылда өткен күндерім қызық еді – әжем ала таңнан күн батқанға дейін тыным таппай шаруада жүретін. Киіз

басады, өрмек тоқиды, киім тигеді. Ал маған соның бәрі қызық... Жанынан бір елі қалмай, әжемнен қалған қиындыларды



жинап қуыршақтарыма киім жасап, өзімше іс қылатынмын. Тіпті өскенде әжем секілді шебер боламын деген балалық арманым да болып еді, - деп еске алады Айгүл қазір балалық шағын.

Армандар орындалады демей ме?! Сол қолөнер бүгінде Айгүлдің жансерігі, сүйікті ісі. Қолы қалт етсе қазақтың қызы-келіншектеріне арналған ұлттық нақыштағы бұйымдар, тастармен көмкерілген сәукеле, диадема, алқа, сырға, белбеу, дәм салатын қоржындар жасайды. Алғашында өрмек үшін ғана айналысатын бұл шаруа кейін тұрақты кәсіпке айналды. Оған түрткі – тағы да сол әжесінен көргені мен түйгені. Апасы тұрмысқа шығарда әжесінің Айгүлдің анасы келін болып түсерде арнап жасап берген сәукелесі шабыт беріп, алғашқы ауқымды қолөнер туындысын жарыққа әкеледі. Апасының ұзатылу тойына киетін киімдерін өз қолымен әзірлеп, мінсіз де сапалы жұмысына өзінің өзгелердің де көңілі толады. Осылайша ағайын-туыс, таныстардың жылы пікірлерін естіп, азды-көпті тапсырыстар келе бастайды.

- Бала кезден мата мен қайшы, ине мен жіп жаныма серік болғаны осы күні қуантады. Қазір маңдай теріммен аз да болса қосымша қаржы тауып отырған жайым бар, - дейді Айгүл Төлебайқызы.

Дегенмен, айтуға жеңіл болғанымен су моншақтар мен тастарды үйлесімді етіп



тізудің өз машақаты бар екені сөзсіз. Бірнеше сағат бойы бір орында тапжылмай отырып, түсі мен пішінін қиыстырып кішкене моншақтардан үлкен бұйымдар жасау табандылық пен шыдамдылықты қажет ететіні айтпаса да түсінікті. Үлкен еңбек! Айгүлдің қолынан шыққан туындылар қазір сұранысқа ие. Өйткені оның туындыларының өзіндік ерекшелігі бар. Айгүл өнімдерін бір рет той үстінде ғана қолданатын етіп емес, кейін де түрлі стильдегі киімдермен үйлесіп, қызыл-келіншектердің назды бейнесіне қазақи рең беріп тұратындай етіп жасайды. Сондықтан Айгүл есімі қолөнер әлемінде бүгінде брендке айналды десек те болады!

Ендеше, қосымша кәсібінің нәсібін көріп отырған әріптесімізге еңбегі жанып, кәсібінің қуаты арта берсін демекпіз. Ұлттық болмысымыздың айшығы – ұлттық өнерімізді жаңғыртып жүрген мұнайшы қызға сәттілік серік болсын!

Лаура Жолдыбаева



СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ



ЕҢБЕКТЕ СЫНАЛҒАН ЕР ЖІГІТ

Жұмажан Ақтау қаласының қалай көтеріліп, көркейгенінің куәсі болып өсті. Мектеп бітірген соң арман қуып Алматыға жол тартты. Алдымен сол кездегі бас қаланың Технологиялық техникумын табысты аяқтап, әскер қатарынан келген соң әсем қаладағы Сәулет-құрылыс институтында жылу-газ, желдету жүйелерінің инженері мамандығы бойынша сырттай оқи жүріп, елде еңбек етті. Жұмажан Қалыбайұлы ХГМЗ зауытында 7-дәрежелі слесір-жөндеуші болып, МАЭК энергетика комбинатында инженер болып табысты жұмыс жасап, жақсы қызметкер атанды.

Жігерлі азамат 2005 жылдан бастап «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде желдету жүйелерінің монтажшысы болып Ақтау қаласы, Қаламқас, Жетібай кен орындарындағы компанияның маңызды құрылыс нысандарында еңбек етті. 2017 жылғы құрылымдық өзгерістер кезінде алғыр жігіттің ақылына қарай іс қылатынындай, Жұмажан құрылыс құрылмаларының

монтажшысы мамандығын игеріп, содан бері Қаламқас кен орнында өндірістік жоспарды орындауға атсалысып келеді. Жау жеңетін жігіттің жарағынан танылатындығы, дау жеңетін жігіт талабынан танылатындығы сияқты Жұмекең өзінің жан-жақты бай еңбек тәжірибесі, өмірлік берік ұстанымы, терең білімділігімен танылып, іскерлігін көрсетті. Ол ұңғымаларды жайластыру ісінің күрделі жөндеу, күрделі құрылысының толық циклын - теңселме-білдекті монтаждаудан бастап оның орнатылатын орынын тегістеу, жабынын төсеу, бетон тақталары мен блоктарын қою және басқа да жұмыстарын мүлтіксіз орындайды, ал теңселме-білдекті диттеген орнына дәл қондыру әркімнің қолынан келе бермейді, асқан шеберлікті талап етеді. Көп жылғы адал еңбегімен мұнай өндірісінің құрылыс сервисіндегі жұмыстың көп түрін жоғары деңгейде атқарып жүр. Жігіт жолдасынан белгілі, сарбаз қолбасынан белгілі болатындай, Жұмекеңнің звеносындағы жігіттер де

сайдың тасындай таңдаулы жұмыскерлер. Қандай тапсырма берілсе де білек сыбана кірісіп, іске бар білігін, ынта-жігерін жұмсап, уақытылы және сапалы орындап шығады. Олар – еңбек шайқасында шегінуді білмейтін, қандай қиын жағдайдан да алып шығатын Аралбай Күзекбаев, Жәнібек Жолдасов сынды азаматтар. Жұмекең артынан ерген жастардың осындай болып өсіп келе жатқанын көріп, көңілі тасып жүреді. Кәсіби білімі зор, біліктілігі кемелденген мамандар легі жалғаса бермек.

Жігітті бірде майданда сына, бірде бейғамда сына деген халықпыз. Қайда да Жұмекеңнің тұғыры мықты. Болашаққа деген үмітті үрлеп, сенімді жалғайтын берік дәнекер – балалары Асхат, Айжан, Наргиз, Ғазиз, жұбайы Роза Сәрсенбекқызы өмірлік жолына нұрын шашып келеді.

Айман Есбосын,
«Oil Construction Company» ЖШС

Өткен ғасырдың 60-жылдары майлы қиян Маңғыстауға Атырау шаһарынан қызмет бабымен геолог Қалыбай Кенжебайұлы мен жұбайы Мәния бес баламен көшіп келген. Сол кездегі 8 жасар

Внутренние коммуникации

ГРАФИК

встреч первого руководителя с молодыми специалистами ТОО «Мангистауэнергомунай» на 2022 год

№	Наименование мероприятия	Ответственный	2022 год
1	Встреча первого руководителя с молодыми специалистами ТОО «Мангистауэнергомунай»	Косбаев Н.Р. – Генеральный директор ТОО «МЭМ», Ордабаев А.Ж. – председатель Молодежного Совета ТОО «МЭМ»	18.03.2022 г.

Примечание:

Встреча первого руководителя с молодыми специалистами ТОО «МЭМ» проводится периодически один раз в год. На встрече с молодежью обсуждаются следующие вопросы:
- обеспечение вовлеченности молодых работников в процесс реализации стратегических целей ТОО МЭМ;
- формирование у молодых работников проактивности, развитие их интеллектуального и творческого потенциала;
- содействие профессиональному росту молодых работников;
- развитие рационализаторства путем привлечения молодых работников к процессу разработки и внедрения новых технических решений, направленных на совершенствование деятельности Компании.

ГРАФИК

встреч по личным вопросам генерального директора и заместителей генерального директора ТОО «Мангистауэнергомунай» на 2022 год

№ п/п	Ф.И.О. руководителя	Должность	Время встреч	Ответственный исполнитель
				телефон, электронная почта
1	Косбаев Нурдаулет Рахимович	Генеральный директор	последний четверг каждого месяца Время: 16.00-17.00	Каланова Шолтан Жоламановна (САГ) Тел: 216-146 sh.kalanova@mem.llp.kz Приемная Тел: 211-430 info@mem.llp.kz
2	Бигалиев Куанбек Шакирович	Заместитель генерального директора по производственным вопросам	последняя среда недели каждого месяца Время: 16.00-17.00	Каланова Шолтан Жоламановна (САГ) Тел: 216-146 sh.kalanova@mem.llp.kz Приемная Тел: 211-430 info@mem.llp.kz
3	Избасов Бердикул Нурмуханович	Заместитель генерального директора по УЧРиОТ	последний вторник недели каждого месяца Время: 16.00-17.00	Каланова Шолтан Жоламановна (САГ) Тел: 216-146 sh.kalanova@mem.llp.kz Приемная Тел: 211-430 info@mem.llp.kz

Прием работников по личным вопросам осуществляется руководством ТОО МЭМ в соответствии с утвержденным графиком, один раз в месяц.

Регистрация может быть осуществлена по предварительной записи, по телефонной связи, электронной почте, почтовому ящику, через Блог Первого руководителя. В течение трех дней после регистрации обратившемуся работнику сообщается дата и время приема. Руководитель принимает одно из следующих решений:

- удовлетворить просьбу, сообщив работнику порядок и срок исполнения принятого решения;
 - отказать в удовлетворении просьбы, разъяснив мотивы отказа и порядок обжалования принятого решения;
 - принять письменное заявление в случае, если поставленные работником вопросы требуют дополнительного изучения или проверки, разъяснив ему причины, по которым просьба не может быть разрешена в процессе приема, порядок и срок ее рассмотрения.
- Прием работников организации осуществляется в соответствии с внутренним документом организации, регламентирующим порядок и условия приема работников.

ГРАФИК

отчетных встреч первого руководителя с трудовым коллективом ТОО «Мангистауэнергомунай» на 2022 год

№	Наименование подразделения	Ф.И.О., должность	Дата проведения			
			I квартал	II кв-л	III квартал	IV кв-л
ТОО «Мангистауэнергомунай»						
1	м/р «Каламқас»: - ПЭС-1 «Каламқас» - ЭМЦ уч.Каламқас - СРЗАИИ уч.Каламқас - ПС ГТЭС «Каламқас»	КОСБАЕВ НУРДАУЛЕТ РАХИМОВИЧ - Генеральный директор ТОО «Мангистау-энергомунай»	23.02.2022 г.		23.08.2022 г.	
2	м/р «Жетыбай»: - ПЭС-2 «Жетыбай» - ЭМЦ уч.Жетыбай - СРЗАИИ уч.Жетыбай	Генеральный директор ТОО «Мангистау-энергомунай»	25.02.2022 г.		25.08.2022 г.	
3	г. Ақтау, Промзона: - ПЭУ «Ақтау» - АУП - ЦПЭС	Генеральный директор ТОО «Мангистау-энергомунай»	28.02.2022 г.		29.08.2022 г.	

Примечание:

Отчетная встреча первого руководителя с трудовым коллективом проводится два раза в год:
- до первого марта – по итогам предшествующего года;
- до первого сентября – по итогам полугодия.

ГРАФИК

встречи первого руководителя с представителями профкома работников ТОО «Мангистауэнергомунай» на 2022 год

№	Наименование мероприятия	Ответственный	2022 год					
			январь	февраль	март	апрель	май	июнь
1	Встречи первого руководителя с представителями профкома работников ТОО «Мангистау-энергомунай»	Косбаев Н.Р. - Генеральный директор ТОО «МЭМ» Аймаганбетов Д.У. – председатель профкома работников ТОО «МЭМ»	28.01.	24.02.	17.03.	27.04.	25.05.	21.06.
			20.07.	25.08.	28.09.	26.10.	24.11.	22.12.

Примечание: График встречи первого руководителя с представителями профкома работников ТОО «МЭМ» составлен согласно письма АО НК «КМГ» №06/06/4434 от 02.07.2021 года

Каланова Ш.Ж.,
Руководитель САГ ТОО «Мангистауэнергомунай»



Құттықтаймыз!
Құрметті әріптестер! «Құттықтаймыз» айдары арқылы компаниямыздағы 50, 55, 60 жас мерейтой иегерлерін туған күндерімен дәстүрлі иегерлерін туған күндерімен дәстүрлі құттықтауымызды жалғастырамыз! Қаңтар-ақпан айларында мерейлі жасқа толатын әріптестеріміздің әр қадамы қарымды, игі істері алға баса бергей деген ізгі тілекпен есімдерін назарларыңызға ұсынамыз:

Қаңтар

50 жас

ӘЛДЕШОВА ЖАНИСА – Қаржы департаменті Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептеме бөлімінің жетекші бухгалтері.
 ИБРАШОВ ӘДІЛБЕК – «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Технологиялық сұйықтықты дайындау цехы сорғы станциясының 4 дәрежелі машинисі.
 ЖАЙМАҒАМБЕТОВ САМАТ - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Өндірістік-технологиялық бөлімі бастығының орынбасары.
 НҮРТАЕВ САНАТ - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Газ өндіру, дайындау және тасымалдау цехының бастығы.
 АҚНАЗАРОВ БОЛАТ - «Жетібаймұнайгаз» ӨБ Мұнай дайындау және айдау цехы, учаске бастығы.
 ТӘЖІМАНОВ ЖӘНІБЕК - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Технологиялық сұйықтықты дайындау цехы сорғы қондырғыларының 4 дәрежелі машинисі.
 ДӘУЕНОВ МҰСА - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, МГӨЦ, 3 дәрежелі жөндеуші-слесарі.
 МҰХАМБЕДИЕВ ЕРКІН - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, МГӨЦ, 3 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы.
 СИСЕН САМАТ – Көлік департаменті Автомобиль паркі 4 разрядты тиегіш жүргізушісі.
 БАЛМҰХАНОВ САЙМ – «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, Пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехының 5 дәрежелі стропальщикі.
 АХМЕТОВА АЛТЫНАЙ – Күрделі құрылыс департаменті, Фимараттар мен құрылыстарды ағымдағы жөндеу, қызмет көрсету цехының есепшісі.
 БАРҒАНАЕВ НҮРЛАН - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, №1 МГӨЦ, 5 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы.
 БЕКМҰРЗИН БОЛАТ - «Жетібаймұнайгаз» ӨБ, №3 МГӨЦ, 4 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы.
 БИСЕНБАЕВ АСҚАТ - Көлік департаменті Автомобиль паркінің 4 дәрежелі автомобиль жүргізушісі.
 ЖАРЫЛҒАПОВ АЛМАНБЕТ - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, №1 МГӨЦ, 5 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы.
 БӨЛТЕКОВ ЕРДӘУЛЕТ - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, Жылумен жабдықтау және кәріз цехының шебері.
 ЖАҚСЫҒАТОВ ҚУАНҒАЛИ - «Жетібаймұнайгаз» ӨБ Мұнай дайындау және айдау цехы бастығының орынбасары.
 ӘУЕСОВ БЕРІК - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, Ғылыми-зерттеу және өндірістік жұмыстар цехы Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика жөніндегі бесінші дәрежелі слесарі.
 ӘКІМОВ АМАНКЕЛДІ - Күрделі құрылыс департаменті, Фимараттар мен құрылыстарды ағымдағы жөндеу, қызмет көрсету цехының шебері.
 СЕГІЗБАЕВ ЖҰМАБЕК - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, №2 МГӨЦ, 5 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы.

55 жас

ҚОБДАБАЕВА ЖАНТӨРЕ - Күрделі құрылыс департаменті, Фимараттар мен құрылыстарды ағымдағы жөндеу, қызмет көрсету цехының Жетібай бригадасының сырлаушысы.

60 жас

ҚОНЫСОВ РУСЛАН - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, Жылумен жабдықтау және кәріз цехының 5 дәрежелі қазандық операторы.
 КҮЗЕМБАЕВА АҚНҰР - «Жетібаймұнайгаз» ӨБ, Ғылыми-зерттеу және өндірістік жұмыстар цехы 4 дәрежелі химиялық талдау зертханашысы.
 ОСПАНОВ ЖЕТПІСБАЙ - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, Пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехының электр газбен дәнекерлеушісі.
 КӨШБАЕВА АҚАЙША - «Жетібаймұнайгаз» ӨБ, Өндірістік-технологиялық бөлімінің 2 санатты мұнай және газ өндіру инженері.
 ЖАНҰЗАҚОВ МҰРАТ-КЕЛДІ - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, Технологиялық сұйықтықты дайындау цехы сорғы станциясының машинисі.
 ЖАМАНҚҰЛОВ БӨКЕНБАЙ - «Жетібаймұнайгаз» ӨБ, №3 МГӨЦ 3 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы.
 НОВШАБАЕВ ЭСЕТ - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, ҚҚҰЦ сорғы станциясының 4 дәрежелі машинисі.
 ӘБДІХАЛЫҚОВ ТҮГЕЛБАЙ - «Жетібаймұнайгаз» ӨБ, Газ дайындау, тасымалдау және газ шаруашылығын пайдалану цехы бастығының орынбасары.
 ҚАБАТБАЕВ БИСЕН - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, №3 МГӨЦ 4 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы.
 ЭМРАЕВА БАГТЫ - «Жетібаймұнайгаз» ӨБ, Әкімшілік-шаруашылық бөлімінің іс жүргізушісі.

Ақпан

50 жас

07.02.1972 - ТЛЕСОВА ТИЛЕКТЕС – «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №1 МГӨЦ 4 дәрежелі Мұнай және газ өндірудегі басқару пультінің операторы.
 08.02.1972 - ТАҒБЕРГЕНОВ БҮРКІТ – «Жетібаймұнайгаз» ӨБ жетекші механигі.
 11.02.1972 - ЕСМАҒАМБЕТОВ МАРАТ - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ мұнай және газ өндіру операторы
 17.02.1972 - ЖҰБАНОВ ЖИРЕНШЕ – «Жетібаймұнайгаз» ӨБ МЛТЖТУ технологиялық қондырғылардың 3 дәрежелі операторы.
 17.02.1972 - ҚҰБАШОВ БЕКМҰРАТ – «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ КМДЖӨЦ сусыздандыру және тұзсыздандыру қондырғыларының 4 дәрежелі операторы.
 25.02.1972 - ҚЫЛЫШБАЕВ ҚУАНЫШКЕРЕЙ – «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №2 МГӨЦ 4 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы.
 28.02.1972 - ОЗҒАНБАЕВ БАУЫРЖАН – «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №4 МГӨЦ 4 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы.

55 жас

25.02.1967 - СҮЛЕЙМЕНОВА АЭЛИТА – Геология және кен орындарын игеру департаменті Геологиялық-техникалық шараларды жоспарлау бөлімінің Қаламқас кенорны бойынша 1 дәрежелі геолог.

60 жас

01.02.1962 - ИЗБАСОВ АСЫЛГЕРЕЙ – «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ ҚҚҰЦ 5-дәрежелі қабат қысымын ұстау операторы.
 05.02.1962 - САФИЕВА ОРАЗКҮЛ – Сатып алу және материалдық-техникалық қамту департаменті, Материалдық-техникалық қамту қызметінің қоймашысы.
 12.02.1962 - КИРИЛЕНКО ВИКТОР – ААТЖБД, компьютерлік желілер және коммуникация бөлімінің 1 дәрежелі инженер-электронигі.
 13.02.1962 - ИЗМҰХАНОВ ДҮЙСЕНБАЙ – МКДАЦ суды алдын ала ағызу қондырғысы механигі.
 13.02.1962 - МАВЛЮТОВ РАМИС – «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Мұнай кәсіпшілігі жабдықтарына өндірістік қызмет көрсету цехының 4 дәрежелі жөндеуші-слесарь.
 15.02.1962 - ТӨЛЕГЕНОВА СӘУЛЕ – МжМӨД, жеткізу бөлімінің Жетібай кенорны бойынша Жанармай құю станцияларының 3 дәрежелі операторы.
 18.02.1962 - ҚОНАРБАЕВ ЖАЙЫҚ – «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №2 МГӨЦ 3 сыныптан төмен емес заттарды кесу және қолмен дәнекерлеумен айналысатын электр газбен дәнекерлеуші.
 19.02.1962 - ИСАЕВ ЖАНГЕЛДИН – «Жетібаймұнайгаз» ӨБ №1 МГӨЦ 5 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы.
 24.02.1962 - НЕМЫШОВ НҮРҒАЛИ – «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Мұнай кәсіпшілігі жабдықтарына өндірістік қызмет көрсету цехы, 5 дәрежелі жөндеуші-слесарь.
 28.02.1962 - ДҮЙІНБАЕВ САДАҚ – «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехы, жөндеуші-слесарь.



«МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ» ҚАЙЫРЫМ ҚОРЫНЫҢ 2021 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМАЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ

2021 жылдың 12 айында «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қоры есеп-шотына келіп түскен ерікті қайырымдылық жарна соммасы 2 842 000 (екі миллион сегіз жүз қырық екі мың) теңгені құрады. Осы қаражат шеңберінде Қор 2021 жылы 12 өтініш негізінде қайырымдылық көмегін жүзеге асырды. Олардың жалпы соммасы 1 850 000 (бір миллион сегіз жүз елу мың) теңгені құрады. Артылып қалған қаражат Қор есеп-шотында сақтаулы тұр. Бұл қаражат алдағы уақытта Қор атына түскен өтініштер негізінде мақсатына сай жұмсалатын болады.

Қорға көмек сұрап хабарласқан азаматтар арасында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері мен олардың туыстары мен жақындары да болды. Олардың соммасы мен нысаналы мақсатымен келесі кестеден таныса аласыздар.

№	Аты-жөні	Көмек көрсетілген уақыты	Көмек соммасы, тенге	Мақсаты	Қосымша ақпарат
1.	Жумашев Е.	Қаңтар	150 000	Ота жасату үшін	«ММГ» АҚ қызметкері
2.	Избасова А.	Қаңтар	100 000	Төсек тартып жатқан науқасқа дәрі-дәрмек алу үшін	«ММГ» АҚ қызметкерінің туысы
3.	Кмалова К.	Ақпан	50 000	Бала күнінен мүгедек немересінің емі үшін	«ММГ» АҚ қызметкерінің анасы
4.	Базарбаев А.	Наурыз	150 000	Науқас қызының емі үшін	
5.	Мамбетова З.	Мамыр	200 000	Науқас баласының емі үшін	«ММГ» АҚ қызметкері
6.	Туржан Ж.	Мамыр	100 000	Жолдасына ота жасатуға	
7.	Ержанова О.	Қыркүйек	200 000	Інісі Б.Ержановқа күрделі ота жасатуға демеушілік	«ММГ» АҚ қызметкерінің жақыны
8.	Есетов С.	Қазан	200 000	Өзіне қажетті ем-дом шаралары үшін	«ММГ» АҚ қызметкері
9.	Бултеков А.	Қараша	200 000	Өзіне қажетті ем-дом шаралары үшін	«ММГ» АҚ қызметкері
10.	Жұмабаев Н.	Қараша	200 000	Інісіне ота жасату үшін	
11.	Курмангазиева А.	Қараша	200 000	Уақытша еңбекке жарамсыздығы салдарынан табыстарынан айрылуына байланысты пайда болған коммуналдық төлемдер бойынша қарыздарын өтеу үшін	«ММГ» АҚ қызметкерінің отбасы
12.	Мамбетова З.	Желтоқсан	100 000	Науқас баласының емі үшін	«ММГ» АҚ қызметкері

Құрметті әріптестер! Қор қызметінің жүзеге асуына қосқан үлестеріңіз бен азаматтық белсенділіктеріңіз үшін Қор көмегіне жүгініп, жанына сая тапқан азаматтар атынан баршаңызға шексіз алғысымызды білдіреміз. Табыстарыңыз арта берсін!



Мұнайлы Өлке

Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов
 Редакция алқасы: - Ғ.Әбдісадық;
 - Л.Жолдыбаева;
 - Ж.Кемал.

Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
 130000, Ақтау қаласы
 6 ш.а., №1 ұй,
 тел:
 212-035, 215-266
 211-885, 212-194

Газет айына 1 рет шығады.
 Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
 Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
 Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
 Индексі: 64265

“ADVER” ЖШС баспаханасында басылды.
 Ақтау қаласы, 3-Б ш/а, 55/1 ғим.
 тел: 8(7292)507000